

Қазақстан Республикасында авиация мамандары мен спорттың авиациялық түрлері бойынша спортшылар даярлау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 22 маусым N 521. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.06.20. N 998 қаулысымен. ~P970998

"Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштері туралы", "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес және спорттың авиациялық түрлерін дамыту, жастарды кәсіптік бейімдеу, шақырылушыларды әскери қызметке даярлау, Қарулы Күштерге резерв әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ Орталық комитетінің ӘАФКЕҚ-ның Қарағанды аэроклубы негізінде ӘАФКЕҚ-ның Қарағанды оқу авиация орталығын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ Орталық комитетімен келісім бойынша:

1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ-ның оқу және спорттық авиация ұйымдарында (оқу авиация орталығы, аэроклуб, авиаспортклубы, авиатехспортклубы) Қарулы Күштер үшін авиация мамандарын оқытуды, соның ішінде:

- 15-17 жастағы жасөспірімдерді жоғары және әскери авиациялық ұшқыштар мен штурмандар училищелеріне түсуге даярлауды;
- әуе-десант бөлімдері мен арнаулы мақсаттағы бөлімшелер үшін "парашютші" мамандығы бойынша шақырылушылар даярлауды;
- біржарым жылдық бағдарлама бойынша әскери қызмет атқара отырып және артынан "запастағы прапорщик" әскери атағын бере отырып Қарулы Күштерге ұшқыштар құрамын әзірледі;
- әскери міндетті ұшқыштар құрамын өндірістен қол үзіп 90 күндік оқу жиындарына қайта даярлауды жүзеге асырсын;
- санаттары, саны және даярлау мерзімдері бойынша Қарулы Күштер үшін авиация мамандарын оқытуға тапсырма белгілесін;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен тапсырмаларға сәйкес авиация мамандарын оқыту үшін ӘАФКЕҚ-ның авиация ұйымдарын әскери комиссариаттар арқылы шақырылушылармен және әскери міндеттілермен

жасақтауды қамтамасыз етсін;

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ӘАФКЕҚ-да авиация мамандарын оқытумен байланысты шараларды қаржымен және материалдық қамтамасыз етуді жүргізісін ;

авиация мамандарының санаттарын даярлау туралы ережені, оларды оқыту бағдарламасын, оқу-ұшуға және парашютпен даярлау, әскери және денені шыңдау даярлығы курстарын, әдістемелік оқу құралдарын әзірлеп, күшіне енгізісін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі:

Жеңіл авиация ассоциациясымен, спорттың авиациялық түрлерінің федерацияларымен және комитеттерімен, Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ-ның Орталық комитетімен бірлесіп спортшылар даярлауды, республикалық жарыстар өткізуді, спорттың авиациялық түрлері бойынша халықаралық (мемлекетаралық) жарыстар әзірлеу мен оларға қатысуды жоспарласын және өткізісін;

республикалық бюджеттен спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрлеріне бөлінетін қаржылар есебінен спорттың авиациялық түрлері бойынша спортшылар - Қазақстан Республикасы құрамы командаларының мүшелерін даярлаумен, сондай-ақ спорттың авиациялық түрлері бойынша республикалық жарыстар ұйымдастырумен әрі өткізумен және халықаралық (мемлекетаралық) жарыстарға қатысумен байланысты шараларды қаржымен және материалдық қамтамасыз етсін.

4. Жергілікті әкімдер:

- ӘАФКЕҚ-ның авиация ұйымдарына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырмасына сәйкес жоғары әскери авиациялық ұшқыштар мен штурмандар училищелеріне түсуге даярлау топтарын жыл сайын жасөспірімдермен жасақтауға;

- спорттың авиациялық түрлері бойынша спортшылардың республикалық жарыстарға қатысуына қолғабыс тигізісін;

білім беру органдарымен келісім бойынша жалпы білім беретін оқу орындары мен мектептерде арнаулы авиация кластарын құрсын;

жергілікті спорттың авиациялық түрлері бойынша спорт федерацияларымен, комитеттерімен бірлесіп спорттың авиациялық түрлері бойынша облыстық, қалалық, аудандық жарыстар ұйымдастыру мен өткізуді, республикалық жарыстар әзірлеуді және оларға қатысуды жоспарласын;

жастарды спорттың авиациялық түрлерімен айналысу үшін жіберетін заңды ұйымдармен және жеке адамдармен бірлесіп ӘАФКЕҚ-да спорттың авиациялық

түрлері бойынша спортшылар даярлаумен байланысты шараларды қаржыландырсын және материалдық қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырысы құрамында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер үшін авиация мамандарын даярлау жөніндегі шаралар мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұсынысы негізінде тиісті қаржы және материалдық ресурстар қарастыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі, жергілікті әкімдер өздері тиісінше ӘАФКЕҚ-да Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін авиация мамандарын оқытуға және спорттың авиациялық түрлері бойынша спортшылар даярлауға бөлген қаржылардың дұрыс жұмсалуына бақылау жасасын.

7. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі ӘАФКЕҚ-ның авиация ұйымдарына тапсырыс иелерімен шарт бойынша әуесқой ұшқыштарды, парашютшілерді ақылы оқытуға, көрнекі көрсетулер, спорт шараларын өткізуге, авиация жұмыстары мен әуе тасымалдауларын жүргізуге белгіленген тәртіппен рұқсат берсін.

8. Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ-ның Орталық комитеті:
қолданылып жүрген заңдарға, Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ-ның Жарғысына сәйкес авиация мамандарын оқыту және спорттың авиациялық түрлері бойынша спортшылар даярлау жөніндегі тапсырмалардың толық және сапалы орындалуына жауап беретіні;

ӘАФКЕҚ-ның авиация ұйымдарының ұшу жұмысына реттейтін нормативтік құжаттар мен талаптарды әзірлеп, күшіне енгізетіні;

ӘАФКЕҚ-ға қарайтын аэродромдар мен әуе кемелерін тіркейтін реестрге ие екені;

Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ-ның авиация қызметкерлеріне сертификаттау жүргізетіні және белгіленген үлгідегі куәліктер беретіні назарға алынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі